



XҒТАР 10.79.35  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-147-2-219-229>

## Қылмыстық сот ісін жүргізудегі сарапшы қорытындысы: халықаралық салыстырмалы талдаудың перспективалары

С.Б. Бақыт<sup>1</sup>, Г.Т. Алаева<sup>1</sup>, А.Б. Сманова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> «Тұран» университеті

<sup>2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(E-mail: <sup>1</sup>sara.bakyt@bk.ru, <sup>2</sup>alaevagulnaz@mail.ru, <sup>3</sup>akmaral.smanova@kaznu.edu.kz)

**Андатпа.** Күрделі және көп қырлы қылмыстық іс жүргізу жүйесіндегі негізгі аспектілердің бірі – дәлелдеу процесі. Сарапшылардың пікірлері фактілерді анықтауда, дәлелдемелерді бағалауда және сот шешімдерін шығаруда маңызды рөл атқарады. Бұл ғылыми мақала қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдеу процесінде сарапшының қорытындысы ретіндегі халықаралық тәжірибені зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты сарапшылардың қорытындыларын пайдаланудағы халықаралық тәжірибені және олардың қылмыстық сот ісін жүргізуге әсерін талдау. Зерттеудің ғылыми маңызы жоғары, өйткені ол қылмыстық сот ісін жүргізудегі сараптамалық қорытындылардың рөлін түсінуге ықпал етеді және осы тәжірибені жақсарту үшін ұсыныстар жасауға көмектеседі. Практикалық маңыздылығы дәлелдеу процесін жақсарту, сот шешімдерінің сенімділігін арттыру және әділеттілікті қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады. Зерттеуде жалпыға бірдей диалектикалық - материалистік әдіс, жалпы ғылыми әдістер), арнайы әдістер қолданылады.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, әртүрлі елдердегі сот шешімдеріне әсер ететін факторлар анықталды. Мақала қылмыстық сот ісін жүргізудегі сараптамалық қорытындылардың рөлін түсінуге үлес қоса отырып, оларды қолданудың практикалық аспектілерін анықтайды. Бұл қылмыстық сот ісін жүргізуді жақсарту үшін қосымша зерттеулер мен ұсыныстар жасауға негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері заңгерлер мен құқық қорғаушылар, академиялық қауымдастық үшін де пайдалы болуы мүмкін. Олар неғұрлым тиімді және әділ дәлелдеу жүйелерін дамытуға және қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарының сақталуына ықпал ете алады.

**Түйін сөздер:** халықаралық тәжірибе, дәлелдемелер, сарапшы қорытындысы, қылмыстық сот ісін жүргізу, сот шешімдері, сот төрелігі, адам құқықтары.

Түсті: 06.06.2024 Мақұлданды: 10.06.2024 Онлайн қолжетімді 28.06.2024

<sup>1</sup>\* хат-хабар үшін автор

## Кіріспе

Қазіргі таңда қылмыстық істер бойынша сот талқылауы нақты фактілерді анықтау және олардың заңдылықтарын негіздеу процесіне ерекше назар аударатын күрделі құқықтық жүйе болып табылады. Бұл процестің негізгі элементтерінің бірі – қылмыстық істердің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етуі ықтимал сарапшылар беретін қорытындылар. Сарапшылардың және олардың қылмыстық сот ісін жүргізудегі қорытындыларының рөлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті және маңызды мәселе болып табылады.

Бұл тақырыпты таңдаудың негіздемесі қылмыстық процестегі сарапшылардың рөлінің сөзсіз маңыздылығымен байланысты. Сараптамалық қорытындылар сот шешімдерін қабылдауға ықпал ете отырып, арнайы білім мен дағдыларды қажет ететін тараптардың мәселелерге қатысты дәлелдерін растай алады немесе жоққа шығара алады. Алайда, сарапшы қорытындысының іс үшін маңызды екендігіне қарамастан қарамастан, қорытындылардың рұқсат етілуі мен сенімділігіне байланысты мәселелер жеткілікті деңгейде зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Бұл тақырыптың өзектілігі қылмыстық сот төрелігін жетілдіруге және әділеттілікті қамтамасыз етуге деген ортақ қызығушылықпен ерекшеленеді. Сараптамалық қорытындылар сынның объектісіне айналған көптеген жанжалды істерді ескере отырып, бұл тұжырымдардың рұқсат етілуі мен сенімділігі мәселелері ерекше мәнге ие болады. Ғылыми мақаланың мақсаты қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеу процесіндегі сараптамалық қорытындылардың рөліне қатысты халықаралық тәжірибені зерттеу болып табылады. Авторлар осы саладағы әртүрлі елдерде кездесетін жалпы тенденцияларды, айырмашылықтарды және қиындықтарды анықтауға тырысады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- қылмыстық сот ісін жүргізуде сарапшы қорытындысының маңызына байланысты халықаралық тәжірибені зерделеу;
- сарапшы қорытындысының сенімділігі мен рұқсат етуін бағалауда әртүрлі елдерде қолданылатын әртүрлі әдістер мен стандарттарды анықтау;
- шешімдері сараптамалық қорытындыларға негізделген сот практикасының мысалдарын талдау;
- қылмыстық сот ісін жүргізудегі сарапшылардың рөлін реттеудегі халықаралық тәжірибенің маңыздылығына қатысты тұжырымдар әзірлеу.

Осы зерттеудің нәтижелері заң шығарушылар мен құқық қолданушыларға қылмыстық істердегі сараптамалық қорытындыларға қатысты заңдар мен рәсімдерді әзірлеу және жетілдіру кезінде де пайдалы болуы мүмкін. Бұл процестің барлық тараптарының құқықтары мен мүдделерін теңестіруге және ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін қате сот шешімдерінің тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Мақала қылмыстық сот төрелігі саласындағы мамандарға, сондай-ақ сот сараптамасы мен қылмыстық істер бойынша жүргізілетін дәлелдеу процесінің мәселелеріне қызығушылық танытатын ғылыми зерттеушілерге арналған. Осы ретте бұл қылмыстық сот ісін жүргізудегі сараптамашының берген қорытындысына байланысты мәселелерді анық түсіне білуді зерделеуге

бағытталған алдағы уақыттағы зерттеулер мен талқылаулар үшін негіз бола алады. Осылайша, мақала қылмыстық сот ісін жүргізудегі сараптамалық қорытындылардың рөліне қатысты халықаралық тәжірибені жүйелеу және талдау әрекетін білдіреді.

Халықаралық талдау жүргізу кезінде әртүрлі елдердегі сараптамалық қорытындыларды қолдану тәсілдеріндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарға назар аудару маңызды. Бұл жеке қылмыстық сот ісін жүргізуде енгізілуі мүмкін ең жақсы тәжірибелерді анықтауға, сондай-ақ ықтимал қателіктер мен түсініспеушіліктерді болдырмауға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты қылмыстық сот ісін жүргізуде сараптамалық қорытындыларды пайдаланудағы халықаралық тәжірибенің ерекшеліктерін және олардың әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету үшін маңыздылығын анықтау болып табылады.

### **Әдіснама**

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қылмыстық сот ісін жүргізетін қатынастардағы сарапшы қорытындысын негізгі дәлелдеме көзі ретінде пайдалану мәселелерін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы қылмыстық сот ісін жүргізетін қатынастардағы сараптама қорытындысының мәні мен маңызын анықтаумен, сондай-ақ нақты сот тәжірибесін талдаумен айқындалады.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазіргі таңда әр түрлі құқықтық тәртіптегі ең өзекті мәселе – құқық қолданушының сарапшы қызметінің нәтижелерін бағалау. Соңғы жылдары жекелеген елдердің, атап айтқанда Ресей мемлекетінің, Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбританияның қылмыстық процесінде сарапшының қорытындысының (айғақтарының) дұрыстығын бағалауға ерекше назар аударыла бастады, өйткені бұл мәселені түсіндіруге, оны жүзеге асыруға міндетті субъектілердің ерекше күш-жігерін қажет етеді. Сарапшы қорытындысы континентальды қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде, сот талқылауы кезінде сарапшыны міндетті түрде тексеруді қажет етпейтін, сот үкім шығару үшін негіз ретінде қарастыра алатын дәлелдемелер болып табылады. Германияда аталған жалпыға ортақ ережеден айрықша бір ерекшелік бар, ол ерекшелік бойынша сарапшы іс үшін маңызды тұлға ретінде өз айғақтарын беру үшін сотқа өзі келуге міндетті, өйткені заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тек осы жағдайда ғана оның сараптамалық қорытындысы дәлел ретінде қабылданады.

Қазақстан Республикасында және басқа елдердегі қылмыстық процестің қазіргі дамуын тергеуді тиімді жүргізу және қылмыстық істерді шешу үшін қолданылатын арнайы білімнің маңызды рөлінсіз елестету мүмкін емес. Бұл тенденцияны зерттеушілер

әртүрлі юрисдикцияларда атап өтеді. Бұл тұрғыда арнайы білім ұғымын ажыратуға және оларды континентальды және ағылшын-американдық қылмыстық процестерде қолданудың әртүрлі тәсілдерін қарастыруға академиялық қызығушылық тудырады. Отандық доктринада «арнайы білім» туралы біртұтаст түсінік қалыптаспаған. Е.В. Иванова «арнайы білім» ұғымына қатысты төрт тәсілді анықтайды: мақсатты, құзыреттілік, сараланған және кешенді [1, 152 б.].

Е.В. Иванованың пікірінше, кейбір авторлар арнайы білім тұжырымдамасына заңды процесс аясында олардың негізгі мақсатын ескере отырып жақындайды. Атап айтқанда, Е.И. Зуев, арнайы білімді «сот ісін жүргізуде қолдану мақсатында құрылған білім» - деп санайды. Ғалымның пікірінше арнайы білім: «қылмыстық істерді сәтті тергеу үшін қажетті белгілі бір білім жүйесі, соның ішінде зерттелетін оқиғаларға тікелей немесе жанама байланысты объектілер мен құбылыстарды зерттеу әдістері, сондай-ақ іс шеңберінде дәлелді маңызы бар фактілерді түсіндіру» [2]. Зуев сондай-ақ мұндай білім тарихи тәжірибеде қылмысқа қарсы күрестің қажеттіліктеріне жауап ретінде пайда болғанын және дамығанын атап көрсетеді.

Бұл тұрғыда арнайы білім қылмыстық сот өндірісінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол дәлелдемелерді жинау, сараптау және түсіндіру процесінде маңызды рөл атқарады. Мысалы, криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы сияқты арнайы ғылым салалары тергеушілер мен судьяларға нақты деректерді объективті және жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Осылайша, арнайы білім қылмыстық істерді тергеуде шындықты анықтауға көмектесетін құрал ретінде қызмет етеді. Зуевтің пікірінше, арнайы білім жүйесінің тұрақты түрде дамуы мен жаңаруы құқық қорғау органдарының жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді, себебі олар заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып, қылмыстарды ашуда және қылмыскерлерді жауапқа тартуда нақты нәтижелерге қол жеткізе алады.

«Арнайы білім» ұғымы шет елдердің қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленбеген, алайда бұл ұғымның анықтамаларын осы елдердің дереккөздерінен табуға болады. Украинада «арнайы білім» деп арнайы білім (теориялық дайындық) немесе кәсіби тәжірибе нәтижесінде алынған ғылым, техника, өнер немесе қолөнер саласында алынған білім ретінде түсініледі, яғни қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер жүргізуге жауапты субъектілерге тән білім [3, 180 б.]. Француздық, ресейлік және украиндық қылмыстық процесте қылмыстық істерді тергеу мен сотта қарауға қатысатын тұлғалар арнайы білімі бар мамандарды тартуға құқылы. Мұндай қатысу мүмкіндігі қылмыс фактілерін анықтау үшін аталған субъектілерге қолжетімсіз сараптамалық білімді қажет ететін жағдайларда ғана туындайды.

Сарапшы қорытындысы – Республикамыздың қылмыстық іс жүргізуінде арнайы білімді қолданудың бір түрі болып саналады. Қазақстан Республикасының Сот-сараптама қызметі туралы Заңына сәйкес, сараптама қорытындысы ұғымына: «Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін жазбаша құжат» деген анықтама беріледі [4].

Сарапшының қорытындысы әрдайым негізгі дәлел ретінде саналады. Бұл сарапшының нақты фактілерді анықтау үшін арнаулы ғылыми әдістерді пайдалануымен түсіндіріліп, сондай-ақ әдістерді дәлелдеудің басқа процедуралық тәсілдерін қолдану кезінде дәл

осындай фактілер қалай анықталғанына қарамастан қолдануға болады [5, 117 б.]. Сот сарапшысы фактілерді анықтауда өзге деректерге жүгіну, қайталау немесе көбейту арқылы емес, әр сарапшы берілген ақпаратты өз бетінше талдау және зерттеу арқылы анықтайды.

Сарапшының зерттеулері негізінде жасаған тұжырымдары мен қорытындылары дәлелді құндылыққа ие. Сарапшы қорытындысының мазмұны Қазақстан Республикасы қылмыстықпроцестік кодексінің 251-бабымен реттеледі [6]. Сот өндірісінде сарапшының қорытындысы екі түрлі мәнге ие, біріншіден сот дәлелдемесінің түрі ретінде, екіншіден дәлелдеме көрсетілген процессуалды акті. Белгілі ғалым К.Шакировтың пікірінше сарапшының қорытындысын дәлелдеме ретінде қарастырудың жалпы ережелеріне қарамастан, ғылыми әдістерге негізделген зерттеу нәтижелерін бағалау процесінің өзіндік ерекшеліктері кездесетіндігін атап өтуіміз қажет [7, 195 б.]. Яғни қосымша түсіндіруді қажет ететін күрделі жағдайлар туындаған кезде маманның көмегіне жүгінуге немесе тіпті сот сарапшысынан жауап алуға болады.

Ресейдің қылмыстық іс жүргізу заңнамасында «сарапшы қорытындысы» термині белгілі бір қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізетін тұлға, іске қатысты тараптар немесе сот қойған сұрақтарға жауап ретінде сарапшы жасаған нәтижелер мен қорытындыларды қамтитын жазбаша құжатты білдіреді. Басқа да мемлекеттерде: Уэльс, Англия және Солтүстік Ирландияның қылмыстық іс жүргізу заңнамасында сарапшының қорытындысы («expert report») тұрақты немесе негізгі бөлігінде айғақтар беруге құзыреттігі бар, мәселелерді шешумен айналысатын тұлғаның жазбаша баяндамасы ретінде қарастырылады. Бұл анықтамада сарапшыға қойылатын біліктілік талаптарына айрықша назар аударылады.

Сарапшы пікірінің жазбаша сипаты жайлы Американдық доктринада да айтуға болады, дегенмен федералды заңнама оның заңды анықтамасын бермейді [8]. Сондықтан, сарапшының қорытындысы сарапшы сараптама жүргізу нәтижесінде немесе мамандандырылған білімді қажет ететін мәселелер бойынша ақпарат беру үшін жасаған құжат ұғымы ретінде, континентальды және ағылшын-американдық қылмыстық процесінде қарастырылады. Сонымен қатар, екі құқықтық жүйеде де қылмыстық процесте сарапшының айғақтары ауызша берілген. Ресей мемлекетінде олар белгілі бір қорытындыны түсіндіру немесе нақтылау мақсатында оның қорытындысын алғаннан кейін жүргізілген жауап алу барысындағы сарапшы берген ақпарат ретінде анықталады.

Нидерландының қылмыстық процесінде сарапшының айғақтары сарапшының ғылыми және басқа да білімдеріне негізделген ақпарат ретінде қаралады және оларға тиісті сараптамалық пікір сұралған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде сот отырысында ұсынылады. Бұл айғақтар оларға берілген қорытындыға байланысты болуы мүмкін немесе оған қарамастан ұсынылуы мүмкін [9]. Франция мен Германияның қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде сарапшының айғағы ұғымының нақты анықтамасы жоқ, бірақ заңнама олардың сарапшының жеке жауап алуы кезінде ауызша берілгенін білдіреді.

Ұлыбритания мен АҚШ-тың заңнамасы мен заң практикасында ұғымдар сарапшының қорытындысы немесе есебі және сарапшының айғақтары ерекшеленеді. Осы

юрисдикциялардағы сарапшының айғақтары жазбаша түрде ұсынылатын қорытындыға қарағанда сарапшыдан жауап алу кезінде ауызша беріледі. Континенттік қылмыстық процесте сарапшының қорытындысы да, оның айғақтары да дәлел ретінде танылатын жүйе қолданылады. Ресейде, Украинада және Францияда, олардың қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне сәйкес, сарапшының айғақтары «бағынышты» болып табылады және оны түсіндіру немесе толықтыру мақсатында сарапшы өз қорытындысын ұсынғаннан кейін ғана ұсынылуы мүмкін (Украина ҚІЖК 101-бабының 7-бөлігі, Ресей ҚІЖК 205-бабы, Франция ҚІЖК 168-бабы).

Нидерландыда сарапшы сот шешімі бойынша арнайы сипаттағы ақпарат бере алады немесе қажетті ақпаратты ауызша бере отырып, жазбаша қорытынды жасамай-ақ сараптама жүргізе алады (Нидерланды ҚІЖК-нің 511-бабының 2-бөлігіне сәйкес). Континентальды қылмыстық процесте қорытынды беру және сарапшының айғақтарын беру көбінесе ант беру немесе қылмыстық жауапкершілік туралы ескерту сияқты белгілі бір ресми міндеттемелермен бірге жүретінін атап өткен жөн. Аталмыш шаралар сарапшыдан қорытынды немесе ауызша айғақтар немесе сенімді ақпарат алуды қамтамасыз етудің негізгі мақсатын көздейді. Сарапшы қорытындысы яки айғақтары, ағылшын - американдық қылмыстық процесте, орыс және украин елдеріндегідей, кез-келген дәлел сияқты, оның жарамдылығы (қол жетімділігі), салыстырмалылығы (relevance) және сенімділігі (reliability) тұрғысынан бағаланады [10].

Ағылшын-американдық қылмыстық процестегі сарапшының қорытындысы (айғақтары) ол үшін арнайы негіздер бойынша да жол берілмейтін айғақ ретінде қарастырылуы мүмкін. Атап айтар болсақ, біріншіден, егер ол сарапшы сотқа арнайы білімді қажет ететін мәселені шешуге көмектесетін мәліметтерді ұсынса, сарапшының қорытындысы (айғақтары) рұқсат етілген дәлелдер болып саналады. Екіншіден, егер оларды беруге тиіс адам арнаулы саланың маманы болып саналса, сарапшының қорытындысы (айғақтары) рұқсат етілген деп танылады. Үшіншіден, сарапшының қорытындысы ғылыми негізделген болса, яғни олар дұрыс болса ғана жол беріледі деп танылады. Ағылшын-американдық қылмыстық процесте сарапшы қорытындысы, яки айғақтары) барлық дәлелдер үшін белгіленген принциптер мен ережелерді, сондай-ақ дәлелдемелердің осы түріне қолданылатын нақты талаптарды ескере отырып бағаланатынын ескеруіміз қажет.

Кез-келген дәлелдеменің жарамдылығы АҚШ-тың қылмыстық процесінде кәсіби судьясымен бағаланады. Бұл тұрғыда ағылшын-американдық қылмыстық процестегі «рұқсат ету» ұғымы орыс және украин елдерінен қарағанда өте маңызды болып табылады. Ресей мен Украинаның қылмыстық юрисдикциясында «рұқсат ету» дәстүрлі түрде қылмыстық іс жүргізу нормалары мен адам құқықтарын сақтау, қорғаумен байланысты, ал ағылшын-американдық қылмыстық процесте дәлел салыстырмалылық талаптарына сәйкес келуі керек және дәлелдемелерді алып тастау ережелеріне бағынбауы тиіс. Ағылшын-американдық жүйеде дәлелдемелердің рұқсат етілуін бағалауға қатысты ережелер кәсіби судья айыпталушының негізгі құқықтарын елеулі түрде бұза отырып алынған және әділетті және негізделген үкім шығару мақсатында сот пен алқабилерді адастыруға қабілетті дәлелдемелерді болдырмау үшін пайдаланатын құрал ретінде қызмет етеді.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдеме ретінде саналатын сарапшы қорытындысының рөлін зерттеудің халықаралық тәжірибесі қылмыстық сот төрелігі жүйесіндегі сарапшылар айғақтарының маңыздылығы туралы құнды ақпарат беретінін атап өткен жөн. Әр түрлі елдердің тәжірибесін талдау сот процесінің сапасы мен әділдігін арттыру үшін сараптамалық қорытындыларды қолданудың жалпы тенденцияларын да, бірегей тәсілдерін де анықтайды.

Сараптамалық қорытындылар судьяларға, алқабилерге және кәсіби заңгерлерге күрделі техникалық, ғылыми немесе мамандандырылған мәселелерді түсінуге көмектесуде шешуші рөл атқаратыны анық. Сарапшылардың айғақтарының маңыздылығына қатысты халықаралық консенсус олардың сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға және қылмыстық істер бойынша шындықты орнатуға қосқан үлесін көрсетеді. Дегенмен, бұл зерттеу сараптамалық қорытындыларды дайындау және ұсыну кезінде стандарттау және сапаны бақылау қажеттілігін көрсетеді. Сарапшылардың айғақтарының жарамдылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету барлық юрисдикцияларда ортақ міндет болып қала береді. Құқықтық жүйелер үшін олардың тәуелсіздігі мен беделін сақтау үшін этикалық стандарттар, нақты нұсқаулар мен сарапшылардың біліміне қойылатын талаптарды анықтау өте маңызды.

Іске қатысушы тұлғалардың судьялардың, адвокаттардың, сот сарапшыларының бірлескен күш-жігері сараптамалық қорытындыларды қолдану кезінде туындайтын әртүрлі мәселелерді шешуде өте маңызды. Озық тәжірибелермен бөлісу және тәсілдерді үйлестіру дәлірек, бейтарап және әділ қылмыстық іс жүргізуге әкелуі мүмкін. Тұтастай алғанда, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сараптамалық қорытындылар жеке істерді қараудың құралы ғана емес, сонымен бірге сот төрелігіне деген кеңірек ұмтылыстың маңызды элементтері болып табылады. Олардың рөлін зерттеуді жалғастыру және оларды қолдану әдістерін үнемі жетілдіру қылмыстық сот ісін жүргізудің болашағын анықтауды жалғастырады және жаһандық құқықтық ландшафтта әділеттілік, ашықтық және шындықты іздеу принциптерін нығайтады.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе сараптамалық қорытындылардың динамикалық сипатын көрсетеді. Технологиялар мен ғылыми жаңалықтар дамыған сайын сарапшылардың рөлі сәйкесінше өзгереді. Халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау сараптамалық қорытындыларды пайдалану кезінде әртүрлі құқықтық жүйелердің алдында тұрған түрлі мәселелерді анықтады. Оларға біржақтылық, сенімділік және пәнаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі жатады. Бұл проблемаларды мойындау оларды шешудің және сараптамалық қорытындылардың сапасын арттырудың алғашқы қадамы болып табылады.

Осылайша, қылмыстық сот ісін жүргізудегі сараптамалық қорытындының рөлін зерттеудің халықаралық тәжірибесі сараптамалық қорытындыларды пайдалануды кеңейтуге ұмтылатын кез келген құқықтық жүйе үшін құнды ресурс болып табылады. Әр түрлі елдердің алған сабақтары мен озық тәжірибелеріне сүйене отырып, заңгерлер сараптамалық дәлелдемелерге деген көзқарастарын жетілдіре алады және қылмыстық сот төрелігінің неғұрлым әділ және тиімді жүйесін құруға үлес қоса алады. Осы саладағы үздіксіз зерттеулер бүкіл әлем бойынша сараптамалық қорытынды шығару процедураларын үнемі дамыту және жетілдіруде өте маңызды.

## Авторлардың қосқан үлесі

«Қылмыстық сот ісін жүргізудегі сарапшы қорытындысы: халықаралық салыстырмалы талдаудың перспективалары» туралы мақаланы жазу барысында әр автордың қосқан үлесі мақаланы сәтті аяқтау мен ғылыми зерттеу жүргізу кезінде өзіндік маңызы болды. **С.Б. Бақыт** мақаланың тұжырымдамасына және дұрыс рәсімделуіне елеулі үлес қосып, зерттеу нәтижелерін жинауға және теориялық бөлімдегі ғылыми еңбектерді талдауға үлес қосты. **Г.Т. Алаева** мен **А.Б. Сманова** талдау нәтижелерін түсіндіруге және тұжырымдамалар жасауға үлестерін қосты. Авторлар мақаладағы сот практикасын талдауға және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарауға бірге үлес қосты. Мақаланың мәтінін жазу, оның мазмұнын талаптарға сәйкестендіру мен жариялау үшін оның соңғы нұсқасын бекіту жұмыстарына С.Б. Бақыт атқарды. Авторлардың ізденісі мақаланы жазуға, теориялық және сот практикасына негізделген талдау жүргізуге және зерттеу нәтижесінен белгілі бір тұжырымдар шығаруға бағытталды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Иванова Е.В. Специальные знания: понятие, содержание, формы // Научные труды РАЮН. Вып. 13: в 2 т. Т. 1. М.: Юрист, 2013. С. 151-155.
2. Зуев Е.И. О понятии специальных познаний в уголовном процессе // Вопросы теории криминалистики и судебной экспертизы. Материалы научной конференции. М., 1969. Вып. 1. С. 70.
3. Уголовный процессуальный кодекс Украины: Научно-практический комментарий // Отв. ред.: С.В. Кивалов, С.Н. Мищенко, В.Ю. Захарченко. Харьков: Одиссей, 2013. С. 216.
4. Сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000044> (өтініш берген күн: 15.10.2023)
5. Бедняков И. Л. Теория доказательств в уголовном процессе. – Самара: Самарский юридический институт ФСИН России, 2017. – 152 б.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (өтініш берген күн: 11.11.2023)
7. Шакиров К. Судебная экспертология: проблемы и решения (от теории – к практике). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 218 с.
8. Закон Нидерландов от 22 января 2009 г. «Об экспертах по уголовным делам». URL: <http://english.nrgd.nl/regulations.aspx> (өтініш берген күн: 15.12.2023)
9. Уголовный процесс европейских государств: монография / под ред. В. И. Самарина, В. В. Луцка. – М.: Проспект. 2018. – 752 с.
10. Стойко Н. Г. Уголовный процесс западных государств и России: сравнительное теоретико-правовое исследование англо-американской и романо-германской правовых систем. – СПб.: Издательский Дом С.-Петербур. гос. ун-та, Издательство юридического факультета С.-Петербур. гос. ун-та, 2006. 264 с.



С.Б. Бақыт<sup>1</sup>, Г.Т. Алаева<sup>1</sup>, А.Б. Сманова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет «Тұран»

<sup>2</sup>Казакский национальный университет имени аль-Фараби

(E-mail: <sup>1</sup>sara.bakyt@bk.ru, <sup>2</sup>alaevagulnaz@mail.ru, <sup>3</sup>akmaral.smanova@kaznu.edu.kz)

### Экспертное заключение в уголовном судопроизводстве: перспективы международного сравнительного анализа

**Аннотация.** Одним из основных аспектов сложной и многогранной уголовно – процессуальной системы является процесс доказывания. Мнения экспертов играют важную роль в установлении фактов, оценке доказательств и вынесении судебных решений. Данная научная статья посвящена изучению международного опыта в качестве заключения эксперта в процессе доказывания в уголовном судопроизводстве. Целью исследования является анализ международного опыта использования заключений экспертов и их влияния на уголовное судопроизводство. Исследование имеет большое научное значение, поскольку оно способствует пониманию роли экспертных заключений в уголовном судопроизводстве и помогает в выработке рекомендаций по улучшению этой практики. Практическая значимость заключается в возможности улучшения процесса доказывания, повышения достоверности судебных решений и обеспечения справедливости. В исследовании используются универсальный диалектико - материалистический метод, общенаучные методы, специальные методы и отдельные научные формально-правовые методы.

На основе международного опыта выявлены факторы, влияющие на судебные решения в разных странах. Статья определяет практические аспекты их применения, способствуя пониманию роли экспертных заключений в уголовном судопроизводстве. Это может послужить основой для дальнейших исследований и рекомендаций по улучшению уголовного судопроизводства. Результаты исследования также могут быть полезны для юристов и правозащитников, академического сообщества. Они могут способствовать развитию более эффективных и справедливых систем доказывания и сохранению прав человека в уголовном судопроизводстве.

**Ключевые слова:** международный опыт, заключение эксперта, доказательства, уголовное судопроизводство, юридические эксперты, судебные решения, правосудие, права человека.

S.B. Bakyt<sup>1</sup>, G.T. Alayeva<sup>1</sup>, A.B.Smanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Turan» University

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University

(E-mail: <sup>1</sup>sara.bakyt@bk.ru, <sup>2</sup>alaevagulnaz@mail.ru, <sup>3</sup>akmaral.smanova@kaznu.edu.kz)

### Expert opinion in criminal proceedings: prospects for international comparative analysis

**Annotation.** One of the main aspects of a complex and multifaceted criminal procedure system is the process of proof. Expert opinions play an important role in establishing facts, evaluating evidence, and

making judgments. This scientific article is devoted to the study of international experience as an expert opinion in the process of proving in criminal proceedings. The purpose of the study is to analyze the international experience of using expert opinions and their impact on criminal proceedings. The study is of great scientific importance, as it contributes to understanding the role of expert opinions in criminal proceedings and helps in developing recommendations for improving this practice. The practical significance lies in the possibility of improving the evidentiary process, increasing the reliability of court decisions and ensuring fairness. The study uses a universal dialectical - materialistic method, general scientific methods (analysis and synthesis, induction and deduction, comparative, systemic), special methods (historical, specifically sociological) and individual scientific formal legal methods.

Based on international experience, the factors influencing court decisions in different countries have been identified. The article defines the practical aspects of their application, contributing to an understanding of the role of expert opinions in criminal proceedings. This can serve as a basis for further research and recommendations to improve criminal proceedings. The results of the study can also be useful for lawyers and human rights defenders, as well as the academic community. They can contribute to the development of more effective and fair evidence systems and the preservation of human rights in criminal proceedings.

**Keywords:** international experience, expert opinion, evidence, criminal proceedings, legal experts, judicial decisions, justice, human rights.

## References

1. Ivanova E.V. Special knowledge: concept, content, forms // Scientific works of RAYUN. Issue 13: in 2 vols. 1. Moscow: Yurist, 2013. pp. 151-155.
2. Zuev E.I. On the concept of special knowledge in criminal proceedings // Questions of the theory of criminalistics and forensic examination. Materials of the scientific conference. M., 1969. Issue 1. p. 70.
3. Criminal Procedural Code of Ukraine: Scientific and practical commentary // Ed.: S.V. Kivalov, S.N. Mishchenko, V.Yu. Zakharchenko. Kharkiv: Odyssey, 2013. p. 216
4. The Law of the Republic of Kazakhstan On forensic science activity in the Republic of Kazakhstan dated 10 February 2017 No. 44-VI LRK. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000044> (accessed:15.10.2023)
5. Bednyakov I. L. Theory of evidence in criminal proceedings. – Samara : Samara Law Institute of the Federal Penitentiary Service of Russia, 2017. – 152 b.
6. The Code of the Republic of Kazakhstan Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 No. 231. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (accessed 11.11.2023)
7. Shakirov K. Forensic expert science: problems and solutions (from theory to practice). – Almaty: Kazakh University, 2016. – 218 p.
8. The Netherlands Law of January 22, 2009 "On Experts in criminal cases". URL: <http://english.nrgd.nl/regulations.aspxhttp://> (accessed 15.12.2023)
9. Criminal procedure of European states: monograph / edited by V. I. Samarin, V. V. Lutsik. – M.: Prospect. 2018. – 752 p.
10. Stoiko N. G. Criminal proceedings of Western states and Russia: comparative theoretical and legal research of the Anglo-American and Romano-Germanic legal systems. – St. Petersburg: Publishing House of St. Petersburg State University, Publishing House of the Faculty of Law of St. Petersburg State University, 2006. 264 p.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Бақыт С.Б.** – хат-хабар үшін автор, заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» университеті, «құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасының докторанты, Сатпаев к-сі, 16а, Алматы қ., Қазақстан.

**Алаева Г.Т.** – заң ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті, «құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасының профессоры, Сатпаев к-сі, 16а, Алматы қ., Қазақстан.

**Сманова А.Б.** – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, 050000, Алматы қ., Қазақстан.

**Бақыт С.Б.** – автор для корреспонденции, магистр юридических наук, докторант кафедры «Юриспруденция и международное право» университета «Туран», Сатпаева 16а, г. Алматы, Казахстан.

**Алаева Г.Т.** – кандидат юридических наук, профессор кафедры «Юриспруденция и международное право» университета «Туран», Сатпаева 16а, г. Алматы, Казахстан.

Сманова А.Б. – кандидат юридических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, 050000, Алматы, Казахстан.

**Bakyt S.B.** – the author for correspondence, master of Law, Doctoral student of the Department of Jurisprudence and International Law of Turan University, Satpayeva 16a, Almaty, Kazakhstan.

**Alayeva G.T.** – Candidate of Law, Professor of the Department of Jurisprudence and International Law at Turan University, Satpayeva 16a, Almaty, Kazakhstan.

**Smanova A.B.** – candidate of law, senior lecturer of the department of theory and history of state and law, constitutional and administrative law, faculty of law of Al-Farabi Kazakh National University



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons

Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).